БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№117 (9179) | 1953 жылғы 13 июнь Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Бізде балалардың көңілді және жақсы демалуына күш-мүмкіншілік жеткілікті. Осы күш-мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, жас буындардың ойдағыдай демалуына қажетті жағдайлардың бәрін туғызу—абройлы міндет.

Балалардың жазғы демалысы жақсы ұйымдастырылсын

Мектептерде емтихан мен сын негізінен аяқталды. Тек жоғарғы кластардың оқушылары ғана соңғы емтихан мен сынды тапсыруда. Облысымыздың жүздеген оқушылары жазғы демалысқа шықты. Енді оларды санаторийлер мен лагерьлер, демалыс үйлері мен туристік жорықтар күтуде.

Балалар —біздің қуанышымыз, біздің келешегіміз. Совет балалары —дүние жүзіндегі ең бақытты балалар. Бүкіл совет халқы, Коммунистік партия мен туысқан үкметіміз жас буындарды өскелік қамқорлыққа бөлеп отыр. Біздің елімізде балалардың жоқшылық көрмей тәрбиеленуіне, оқуына және олардың денсаулығының сақталуына барлық жағдай жасалған. Советтік мемлекетіміздің балаларды сауықтандыру және тәрбиелеу мақсатына жыл сайын көп қаржы бөлуі, елімізде мектептер мен балалар мекемелері санының үздіксіз көбеюі бұл пікірімізге толық дәлел бола алады. Сол сияқты, оқушы балалардың жазғы демалысының да тыңғылықты ұйымдастырылуы —осы әскелік қамқорлықтың айқын бір сипаттамасы.

Ертең облысымыздың жазғы пионерлер лагерьлерінің туы көтеріледі. Быйыл облысымызда 24 пионер лагері жұмыс істейді, оларда 3 мыңдай оқушы балалар тынығады. Сол сияқты, қала ішіндегі пионерлер лагерінде 200-ден аса бала тынығатын болады. Мұнымен бірге, балалар үйлерінің жанынан 9 лагерь ашылып, оларда 1300-дей бала дем алады. Сегізінші және тоғызыншы кластардың оқушылары өздерінің жазғы демалыстарын сауығу алаңдары мен туристік саяхаттарда өткізеді.

Балалардың жазғы демалысын ойдағыдай ұйымдастыру —мемлекеттік маңызы зор іс. Демек, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, халық ағарту қызметкерлері мен мектеп басшылары оқушы балалардың жазғы уақытта көңілді демалуын қамтамасыз етуге, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін барлық қажетті шаралар-

нерлер лагерінде демалуға тиіс. Бірақ, аталған ауданда ол балаларды қабылдауға пионер лагері әлі әзір етілмеген. Тіпті пионер лагері әлі күнге дейін төсек-орынмен және азық-түлікпен де қамтамасыз етілмей отыр. Ал, уақыттың өтіп бара жатқанына қарамастан аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Гамолин жолдас пионер лагерінің үлгілі әзірлікпен уақытында ашылуын қамтамасыз ету үшін шешуші шара қолданбады. Петропавл ауданында да жағдай дәл осындай.

Облыстық комсомол комитетінің, кәсіподақтардың облыстық Советінің және облыстық оқу бөлімінің балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру ісіне мүлде қанағаттанғысыз басшылық жасағандығын айта кетуіміз керек. Облыстық комсомол комитетіндегі жолдастар жергілікті жердегі пионерлер лагерьлерінің оқушы балаларды қабылдауға қаншалықты дәрежеде әзірленгендігін де жете білмейді.

Облысымызда пионер лагерьлері ертең жаппай ашылады дедік. Олай болса, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға әзірлікте орын алған кемшіліктерді іс үстінде дереу жою қажет.

Еңалдымен балалардың демалысын ұйымдастыру жоспарлы түрде жүргізілетін болсын. Кәсіподақ ұйымдары балалар тынығып жатқан лагерьлерді төсек-орынмен, азық- түлікпен және басқа қажетті заттармен жеткілікті қамтамасыз етуге тиіс.

Мұнымен бірге, пионерлер лагерьлерінде кино фильмдер, ойын- сауық көрсету тыңғылықты ұйымдастырылатын болсын. Еңалдымен балаларға лайықты фильмдерді, әсресе, советтік фильмдерді көрсетуге, көзіргі заман тақырыбына жазылған көркем шығармалардан концерт беруге айрықша назар аударылуы керек.

Оқушы балалар пионерлер лагерьлерінде демалумен бірге, туған өлкеге саяхат жасайды. Көзірдің өзінде қаладағы Калинин атындағы қазақ орта мектебінде және оқытушылар үйінде туристік базалар

Жүн—бағалы шикізат

Қой қырқуды табысты өткізді

Быйыл Мамлют ауданының МТС-тері қой қырқатын электр агрегаттарын кезінде және сапалы жөнделп шығарды. Осының арқасында ауданның көптеген колхоздары қой қырқуды ұйымшылдықпен бастап, сапалы аяқтауға мүмкіншілік алды. Кәзір ауданның 9 колхозы қой қырқуды толық аяқтады.

Соның бірі—Вильямс атындағы колхоз. Мұнда қой қырқуға электр қайшылары тиімді пайдаланылды. Агрегат жұмысын Данилов жолдас басқарды. Ол қой қырқушылардың күнбе- күн өнімді еңбек етуін қамтамасыз етіп отырды. Мәселен, А. Котельников, В. Селинец жолдастар қой қырқуда зор табысқа ие болды. Олардың әрқайсысы күн сайын 50 шақты қой қырқып, одан жүнді көп алды. Жүннің сапасы жақсы.

Қырқылған жүннің қоймаларда жатып калмауы жете ескерілді. Бұл істі товарны қой фермасының меңгерушісі Пановский жолдас басқарды. Ол адам, көлік бөліп, қырқылған жүнді күн сайын дайындау пунктіне жөнелтуді ұйымдастырды.

Сол сияқты, «Завет Ильича» «Заря коммунизма», «Сталинец», Каганович, Жданов атындағы колхоздарда да қой қырқу мен жүн тапсыру ұйымшылдықпен жүргізілді.

Өткен жылмен салыстырғанда аудан колхоздарының көпшілігінде әр қойдан қырқылған жүн мөлшері быйыл әлде қайда мол болды. Мысалға «Сталинец» колхозын алайық. Мұнда 1952 жылы осы маусымда әр қойдан орта есеппен 900 грамнан жүн қырқылып еді. Үстіміздегі жылы колхоз әрбір қойдан орта есеппен 1 килограмм 400 грамнан жүн алып отыр. Ал, биязы жүнді қойлардан жүн бұдан да көп алынды. Мәселен, Ленин атындағы колхозда меринос тұқымды 15 қойдың әрқайсысынан 4 килограмнан 7 килограмға дейін жүн қырқылды.

Ауданның барлық колхоздарында қой қырқу ойдағыдай аяқталып келеді. Қой

Жемшөптің кемінде біржарым жылдық қорын жасайық

☆ ☆ ☆

Жемшөптің мол қорын жасау күресінде

«Борьба за коммунизм» колхозының мүшелері шөп шабу науқанын тығыз ынтымақпен, ұйымшылдықпен бастады. Олар мал азығының берік қорын жасаудың қолайлы мерзімін жақсы біледі. Қолайлы мерзімді босқа өткізіп алсаң, бітік өскен шабындықтар шөбі қунарлы күйінде шөгілмей жыйналмайды. Қоғамдық мал үшін қунарлы жемшөп молшылығы жасалмайды, одан мол өнім алу да мүмкін емес. Сондықтан барлық мүмкіншілікті пайдаланып, шөп шабу науқанын үлгілі өткізу, быйылғы жылы қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау керек. Міне, «Борьба за коммунизм» колхозының колхозшылары бұл күндері өздерінің барлық күші мен ынта-жігерін осы мақсатқа, жемшөптің тұрақты мол қорын жасау мақсатына жұмсауда.

Мұнда мал азығын дайындауда 4 өндіріс бригадасы және 1 трактор бригадасы жұмыс істейді. Жемшөп дайындауда тәжрибелі колхозшылар еңбек етіп жүр. Бригадалар шөп машиналарымен, құрал-саймандармен, күш-көлікпен, арбалармен және басқа да құрал-жабдықтармен мол қамтамасыз етілген. Өндірістік күш-мүмкіншіліктерге сай колхоз басқармасы бригадаларға шөп шабу жөнінде тапсырмалар тағайындап берген. Бригадалар қай мезгілде, қанша жемшөп дайындайтынын, қандай участоктерде жұмыс істейтінін жақсы біледі. Әрбір шөп машинасына сменалық норма тағайындалып берілген. Колхозда шөп жыйнаушылар, шөмелелеушілер, мая салушылар күн сайын белгіленген график бойынша жұмыс істейді.

Колхозшылар жемшөп дайындауды егін орағы басталғанға дейін толық аяқтауға міндеттеме алды. Кәзір шөп шабу жұмыстары төулік бойы жүргізіледі. Шөп машинистері сменалық тапсырмаларды асыра орындау жөнінде социалистік жарысқа түсіп, ұлғайтылған міндеттемелер алған. Колхозда күн сайын 2 өздігінен жүретін шөп машинасы, 2 тракторға тіркелетін кеңалымды шөп машинасы және 6 ат шөп машинасы жұмыс істесе, олардың барлығы толық қуатымен пайдаланылып келеді.

Шөп шабуда колхозшы Андрей Ляльченко жолдас жақсы нәтижелерге жетуде. Ол смена сайын 30-33 гектар жердің пішенін шабады. Машинист мұндай нәтижеге өзі жүргізетін машинаны жоғары техникалық күтімде ұстап, оны үздіксіз жұмысқа қосу арқылы ие болуда. Колхозда шөп шабуда жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрген машинистер аз емес. Машинистер Василий Ворапай, Қабен Ысқақов, Николай Бондаренко жолдастар бір сменада 4-4,5 гектар алаңның пішенін шауып, норманы артығымен орындайды.

Колхоз басқармасы пішеншілердің өнімді жұмыс істеуіне қажетті жағдайдың бәрін жасаған. Шөп машиналары толық қуатымен жұмыс істейді. Егер сынған машиналар болса, олар жұмыс басында қолмақол жөнделеді. Олардың қосалқы бөлшектері, әсресе, шалғылары жеткілікті дайындалған. Пішеншілер үшін көпшілік тамағы ұйымдастырылған. Колхоз басқармасы үнемі жұмыстың басы-қасында болып, жемшөп дайындауға тыңғылықты басшылық жасауда. Шөп шабуда колхоз коммунистері мен комсомолецтері авангардтық роль атқаруда. Олардың барлығы дерлік жемшөп дайындауда тікелей жұмыс істейді және пішеншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізеді.

Қысқа мерзім ішінде колхозшылар 400 гектарға жуық алаңның пішенін шапты. Шөп шабылысымен жыйналып, маяға салынуда. Шөп жыйнау және маялау жұмысына арнаулы адамдар бөлінген. Міне, сондықтан да колхозда шөп шабу, жыйнау және оны маяға салу жұмыстары бір-бірімен ұштастырыла жүргізілуде.

«Көктерек» колхозында да шөп шабу жұмыстары жедел қарқынмен жүргізілуде. Колхоз председателі Құсайынов жолдас біздің әңгімелесуімізде былай деді:

—Быйыл біздің колхозда жоспар бойынша 1570 гектар табиғи шабындықтың пішені шабылады. 1570 центнер жемшөп дайындаймыз және 270 тонна шөп сүрлеймі. Колхозшылар бұл жұмысты 20 күннің ішінде толық аяқтауға ұйғарып отыр. Алғашқы күннен бастап барлық шөп машиналары жұмысқа қосылды. Кәзір екі трактор агрегатымен, бір өздігінен жүретін, екі ат пішен машинасымен шөп шабылуда. Шабындықтарымызда шөптің шығымы жақсы. Біз күніне 85 гектар орнына 90 гектар алаңның шөбін шауып жүрміз.

Шөп шабуға мезгілінде және жақсы әзірлікпен кірісудің игілі нәтижесі мұнда алғашқы күннен-ақ көрінді. Шөп шабушылар да, шөп жыйнап, оны маяға салушылар да табысты еңбек етуде. Шөп шабуда әсресе машинистердің еңбегі айта қаларлықтай. Мысалы, өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі Ж. Уәлиев жолдас күн сайын 30 гектар жердің пішенін шабады. Тракторға тіркелген кеңалымды шөп машинасының машинистері К. Бекжанов, Д. Құсайынов жолдастар сменасына 22-23 гектар жердің пішенін шауып, сменалық тапсырманы артығымен орындайды. Колхозшылар механизаторлармен тығыз ынтымақтаса еңбек етіп, қоғамдық мал шаруашылығы үшін қунарлы жемшөптің мол қорын жасау жолындағы күресті барған сайын күшейте түсуде.

В. ЗИНОВЬЕВ,
Совет ауданы, Смирнов селосы.

ды қолдануға тиіс.

Кәсіподақ, комсомол ұйымдары халық ағарту орындарымен, мектеп басшыларымен бірлесе отырып, балалардың жазғы уақыттағы демалысын ұйымдастыру жөнінде жоспар жасады. Бұл жоспар —істің бастамасы ғана. Ендігі міндет —жоспарда көрсетілген шаралардың кезінде, тыңғылықты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Рас, быйыл облысымызда балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға әзірлік өткен жылға қарағанда едәуір ұйымшылдықпен жүргізілді. Бұл жөнінде Мамлют, Булаев, Преснов, Совет аудандық комсомол комитеттері мен оқу бөлімдерінің жұмысын атап өтуге болады. Бұл аудандарда пионерлер лагерьлері жақсы жабдықталып, олар азық-түлікпен, төсек-орынмен және басқа қажетті заттармен жеткілікті қамтамасыз етілген. Сол сияқты, аталған аудандардың комсомол комитеттері мен оқу бөлімдері пионерлер лагерьлерінде жұмыс істеу үшін тәжрибелі пионер вожатыйлары мен тәрбиешілер болу ісіне де жете назар аударды.

Алайда, оқушы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға әзірлік барлық жерде бірдей тыңғылықты жүргізілді деп айта алмаймыз. Мысалға Приешім ауданын алайық. Бұл ауданда 40 бала пионерлагерьлерінде демалуы тиіс. Ал сол уақытта ауданда ұйымдастырылды. Туған өлкеге жасалған әрбір саяхат дұрыс ұйымдастырылуы керек. Ол саяхаттарды география, жаратылыстану, тарих пәндерінің оқытушылары басқарып, әрбір саяхат оқушының класта алған білімін кеңейте түсуге мүмкіншілік туғызатындай дәрежеде болуы қажет.

Оқушы балалардың көңілді және дұрыс демалуы олардың арасында жұмыс істейтін тәрбиеші мұғалімдер мен пионер вожатыйларына тікелей байланысты. Сондықтан оқу бөлімдері мен комсомол ұйымдары пионерлер лагерьлерінде жұмыс істеуге тәжрибелі педагогтар мен пионер вожатыйларын жіберіп, олардың жұмысына күнбе-күн көмектесіп отыруға тиіс.

Пионерлер лагерьлерінде демалушы балаларды дәрігерлік қамтуды үлгілі ұйымдастырудың зор маңызы бар.

Жазғы уақытта балалардың барлығы бірдей пионерлер лагерьлерінде демалмайды. Сондықтан пионерлер лагерьлеріне қамтылмаған балалар үшін киносеанстар ұйымдастыру, балалар парктерінің жұмысын жақсарту қажет.

Бізде балалардың көңілді және жақсы демалуына күш- мүмкіншілік жеткілікті. Осы күш- мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, жас буындардың ойдағыдай демалуына қажетті жағдайлардың бәрін туғызу —абройлы міндет.

Г. А. Мельник жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары етіп тағайындау туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Григорий Андреевич **Мельник** жолдас Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Д. КЕРІМБАЕВ.**
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **А. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы,
11 июнь, 1953 жыл.

АНА ТІЛІНДЕ

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жас жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың «Бақыт жолы» деген балалар әңгімелерінің жыйнағын басып шығарды. Бұл—республиканың балалары мен жасөспірімдеріне арналып үстіміздегі жылы басылған 13-ші кітап.

Қазақ және ұйғыр мектеп оқушылары Пушкиннің, Гогольдің, совет балалары жазушылары мен ақындарының шығармаларын өздерінің ана тілінде оқып жүр.

Бичер-Бтоудың «Том ағайдың лашығы», Гюгонның «Козета» деген кітаптары, Джек Лондонның әңгімелері, Стивенсонның «Қазына аралы», Дефоның «Робинзон Крузо» деген шығармалары, Андерсонның әңгімелері және басқалары қазақ тілінде көп тиражбен басылып шықты.

Соңғы үш жылдың ішінде ғана Қазақстанның жас кітап оқушыларына арналып 136 түрлі кітап, соның ішінде 36 күрделі шығарма басылды, бұлардың жалпы тиражы екі миллион данаға жуық. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін қазақ және ұйғыр тілдерінде тағы да 72 балалар кітаптары басылып шығады.

(ҚазТАГ).

ЗАЙСАН КӨЛІНДЕ

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Зайсанның балықшылары қабылдау пунктторіне ауланған балықты өткен жылғы осы кездегіден 20 мың пұт дерлік артық тапсырды.

Балық аулау жұмысын «Объединенный труд» колхозының балықшылары ойдағыдай жүргізуде. Бұлар жеті айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны туралы Зайсанда бірінші болып рапорт берді. Мұндағы балықшылардың бәрі—стахановшылар, Сатығожанов, Қожаев, Казанцев, Апселенов жолдастардың звенолары әрдайым балықты көп аулап қайтуда.

Молотов атындағы және Микоян атындағы колхоздардың балықшылары да екінші жарты жылдың есебіне қабылдау пунктторіне балық тапсыра бастады.

Зайсанның балық аулайтын флотына жаңа моторлы және тіркеме кемелер қосылды.

мол дайындау қой қырқушылардың алдындағы негізгі мақсаты еді. Өздерінің үлгілі істерімен шопандар бұл мақсаттарына жетіп те отыр.

Ф. ПОТУДАНСКИЙ.

Қой қырқуды ақтады

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелі (Булаев ауданы) қой қырқуды аяқтады. Қырылған жүн түгелдей дайындау орнына өткізілді.

Қой қырқуда Т. Омаров, Ш. Бақтыбаев жолдастар өнімді еңбек етті. Олар электр қайшымен күніне 30—35 қой қырқып, тапсырманы артығымен орындады. Колхозда қой қырқудың қысқа мерзімде сапалы аяқталуы да қой қырқушылардың осы сияқты, өнімді еңбектерінің нәтижесі.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

ӘЛІ АСЫҒАР ЕМЕС

Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхозда быйыл жоспар бойынша 5600 гектар жердің пішені шабылуға, одан 5493 тонна шөп дайындалуға тиіс. Ал, бұл жоспардың толық орындалуы шөп шабу науқанына үлгілі әзірлікпен кірісіп, оны табысты өткізуге байланысты. Бірақ, Калинин атындағы колхоздың басшылары (председателі Құсайынов жолдас) қоғамдық мал үшін жемшөп дайындауға жете көңіл бөлмей, мұндай маңызды науқанды көріне көзге кешеуілдетіп отыр. Демек, шөп шабу әлі күнге дейін басталған жоқ. Ол-олма, колхозда шөп шабуға әзірлік те аяқталмаған. Мұнда быйыл 8 ат шөп машинасы, 9 ат тырнауышы жұмыс істеуге тиіс еді. Бұдан күні осы уақытқа дейін бар болғаны 5 ат шөп машинасы, 4 тырнауыш ғана жөнделді.

Шөп шабудың үлгілі өткізілуі, мал азығының берік қорының жасалуы өндіріс бригадаларының жұмыстың бұл участогінде табысты еңбек етуіне тығыз байланысты. Алайда, бұл колхозда өндірістік бригадалардың құрамын нығайту, олардың мал азығын дайындауда табысты еңбек етуін ұйымдастыру жөнінде ешқандай шаралар жүргізілмей келеді. Колхозда шөп шабу кезіндегі жұмыс жоспары әлі жасалған жоқ. Шөп шабатын бригадаларға тапсырмалар, участоктер тағайындалып берілмеген. Колхоз басшылары шөп шабуды үлгілі өткізуді қамтамасыз етудегі мұндай маңызды шараларды жүзеге асыруға жеңіл-желпі қарап, оны кейінге қалдырумен келеді.

Бұл колхозды Майбалық МТС-і қамтыйды. Өзара жасасқан шартқа байланысты МТС үстіміздегі жылы колхозға жүздеген центнер шөп дайындап беруге тиіс еді. Майбалық МТС-і басшылары (директоры Вальд жолдас) шөп шабу жөніндегі шартты міндеттемелерді мезгілінде және толық орындауға тиісті қамқорлық жасамай отыр. МТС-тің шөп шабуға әзірлігі өте қанағаттанғысыз, ол төзгісіз уақыққа созылуда. Мұнда өздігінен жүретін және тракторға тіркейтін кеңалымды машиналар әлі күнге дейін жөнделіп болған жоқ. Аталған колхозда быйыл бұл МТС-тің 12 тракторға тіркейтін кеңалымды шөп машинасы жұмыс істеуге тиіс еді. Бірақ, ол машиналардың бірде-біреуі колхозға жеткізілмеген. Мұндай қуатты шөп машиналарын сапалы жөндеп, пішен шабуға тиімді пайдалануды МТС директоры Вальд жолдас та, колхоз председателі Құсайынов жолдас та ойламай отыр.

Қ. БЕЙСЕНБИН.

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ

Татарстанда Қазан кендір комбинатының тоқымашысы Сталиндік сыйлықтың лауреаты Н. И. Лаврентьева соңғы үш жылдың ішінде стахановтық жұмыс әдісіне 200-ден аса жас тоқымашыларды үйретті.

СУРЕТТЕ: **Н. И. Лаврентьеваның** өзінің қызы Валентинамен үйінде отырған кезі.

(СОТА-ның фотохроникасынан).

КОНСЕРВІ ШЫҒАРУ ҰЛҒАЮДА

ОДЕССА, 10 июнь. (СОТА). Украин консерві тресінің заводтарында жазғы өндірістік маусым басталды. Ерте пісетін овощтар мен жидектер өңделуде.

Трест заводтарының коллективтері заводтағы жабдықтарды жетілдіру арқасында быйыл 25 миллион банк консервіні өткен жылғыдан артық шығарады.

В. В. Маяковскийдің туғанына 60 жыл толуына

10 июньде Мемлекеттік әдебиет музейінде В. В. Маяковскийге арналған жастар кеші өткізілді. Астананың кәсіпорындары мен мекемелерінің жас жұмысшылары, қызметшілері, құрылысшылар, оқушылар ақынның творчествосының негізгі кезеңдерін сыйпаттайтын музейдің бай материалдарымен танысты. Ақынның қарындасы Л. В. Маяковская есте қалғандарын айтып берді. Көркемсөздің шеберлері Маяковскийдің шығармаларынан үзінділер орындады.

Бұл —советтік дәуірдің аса талантты ақынының туғанына 10 июньде 60 жыл толуына байланысты Москвада ұйымдастырылған кештердің бірі.

(СОТА).

Еңбекшілерге арналған 35 мың лекция

ЕРЕВАН, 9 июнь. (СОТА). Бүгін мұнда Армян ССР-нің саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының пленумы өзінің жұмысын аяқтады. Қоғам басқармасының председателі Армян ССР-нің Ғылым академиясының президенті В. Амбарцумян есепті баяндама жасады.

Бесжылдың ішінде қоғам маркстік-лениндік теорияны, Коммунистік партияның, Совет мемлекетінің саясатын, халықтық демократия елдерінің табыстарын, ғылым мен техникалық жаңалықтарын насихаттау жөнінде едәуір жұмыс жүргізді. Қоғамның мүшелері өнеркәсіп орындарында, жоғары оқу орындарында, колхоздар мен совхоздарда 35 мыңнан аса лекция оқыды. Партияның XIX съезінің қарарларын насихаттау үшін көп жұмыс жүргізді.

Қаракөл қойларының жаңа түрлері

КАРШИ, 10 июнь. (СОТА). Өзбекстанның аса ірі малшаруашылық облыстарының бірі Качка-Дарьинск облысының колхоздары мен совхоздарында асыл тұқымды қаракөл қойларының жаңа түрлері өсірілуде. Бұл түрлер оларды өсіретін колхоздар мен совхоздардың атауынша нишан түрлері, шейнаус түрлері және Памукс түрлері деп аталады. Қойлардың жаңа түрлерінің мол өнімділік және елтірінің жоғары сапалылық зор ерекшеліктері бар. Олар 70-80 процентке дейін бірінші сортты қаракөл береді.

Қойлардың асыл тұқымды жаңа түрлері көпжылдық сұрыптау, сұрыпталған селекциялық жұмыс жолымен шығарылды және бөлініп алынды.

Нишан, шейнаус және палукс түрлері аудандастырылды.

ЖІБЕК ШАРУАШЫЛЫҒЫНАН МИЛЛИОН СОМ КІРІС АЛДЫ

АНДИЖАН, 10 июнь. (СОТА). Кеше Андижан ауданының Сталин атындағы колхозының жібекшілері дайындау пунктіне жібек құртын жылдық жоспардың есебіне әкеліп тапсырды. Жібек ұрығының әрбір қобдишасынан 62 килограмнан аса өнім алынды. Көптеген звенолар жібекші шеберлердің озат әдісін қолданып жібек құртының әрбір қобдишасынан 80-90 килограмға дейін жібектік шикізат алды. Колхоз мемлекетке тапсырған жібек үшін 1 миллионнан аса сом алуға тиіс.

Облыстың ондаған ауылшаруашылық артельдері жібек шаруашылығынан миллиондаған сом кіріс табуда.

Ярославль электр машиналарын жасау заводы электр жабдықтарын көптеп шығарады.

СУРЕТТЕ: дайын моторлардың техникалық паспортын тексеру.

(СОТА-ның фотохроникасы).

АЛҒАШҚЫ ПОМИДОР

КУРГАН ТУБЕ. (Тәжік ССР) 9 июнь. (СОТА). Тәжікстанның онтүстік аудандарында ерте егілген помидор пісті. Басқа да огородтық және бау-бақша дақылдары тез өсуде. Вахш алқабындағы колхоздарда осы дақылдар мен картоп өткен жылғыдан біржарым есе артық жерге егілген.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Актив—партия бюросының тірегі

Партияның XIX съезінің қарарлары партия ұйымының бүкіл жұмысының жоғары дәрежеде болуын, коммунистердің авангардтық ролін барған сайын күшейте беруді, шаруашылық жұмыстарға партиялық басшылықты қамтамасыз етуді талап етеді. Партия ұйымдарының алуан түрлі жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуі оның активтермен жұмысты ойдағыдай ұйымдастыруына байланысты. Көпжылдық тәжрибе партия ұйымы неғұрлым өзінің төңірегіне активтерді көптеп топтастырып, оларды қызмет үстінде тәрбиелей білсе, солғұрлым ол ұйымның жұмысы табысты болатынын көрсетуде. Осыны еске алып Петропавл вагон участогінің партия бюросы активтермен жұмысқа ерекше назар аударады. Ол өзінің барлық жұмысында активтердің күшіне сүйенеді.

Партия ұйымының құрамында 150-дей коммунист бар. Олар —түрлі мамандықтың қызметкерлері —поезд вагондарының мастерлері, слесарьлар мен токарьлар, цех мастерлері. Партия бюросы бұқарамен байланысты көптеген активтер арқылы жасайды. Біз партиялық-саяси және шаруашылық мәселелерді шешкенде цех партия ұйымдарының секретарьларымен, үгітшілермен, өндіріс озаттарымен кеңесіп, олардың бағалы ұсыныстарын мұқият ескереміз.

Партия ұйымында активтер көптеп саналады. Партия бюросының 7 мүшесінен басқа активтердің құрамында үш цех партия бюросының 15 мүшесі, құрамында 65 адамы бар үгіт коллективі, көптеген насихатшылар мен қабырға газеттерінің редакторлары бар.

Партия ұйымының жұмысына активтерді белсене қатыстыруда партиялық тапсырманың тәрбиелік ролі зор. Біз әрбір коммунистке партиялық тапсырма беру арқылы оның өндірістік және қоғам жұмысында инициативасын арттыру ісіне көмектесеміз. Партиялық тапсырмадар коммунистердің біліміне және істегі қабілетіне қарай беріледі. Саяси даярлығы мол коммунистер насихатшы, үгітші, қабырға газетінің редакторы және басқа осы сияқты тұрақты партиялық тапсырмалар атқарады. Сонымен қабат, көптеген коммунистерге біржолғы партиялық тапсырмалар—партия жиналысында қаралатын мәселені әзірлеу, партия жиналысында немесе жұмысшылар жиналысында баяндама жасау сияқты тапсырмалар беріледі. Мәселен, соңғы бір партия жиналысында вагон участогінің жазғы график бойынша жұмыс істеуі жөнінде мәселе талқыланды. Бұл жиналысты әзірлеуге 20-дан астам коммунистер қатысты.

Партиялық тапсырмалар атқарған коммунистер партия жиналыстарына белсене қатысып, саяси-бұқаралық және ұйымдастыру жұмысында шеберліктерін арттырады. Бұл жөнінде кейбір мысалдар келтіруге болады.

Мұнан екі жыл бұрын вагондарды қабылдаушы коммунист Заливин жолдаска жауынгерлік листоктар шығару жөнінде тапсырма берілді. Оған партия ұйымы қажетті көмек көрсетті. Заливин жолдас жауынгерлік листоктарды мазмұнды және қызықты шығаратын болды. Осыдан кейін партия бюросы оған күрделі тапсырма беруді ұйғарып, оны жалпы участоктік күнделікті қабырға газетінің редакторы етіп тағайындады. Кәзір Заливин жолдас редактор болып істейтін «За здоровый вагон» қабырға газеті аудандағы ең жақсы газеттердің бірінен саналады.

Вагон мастерлерінің нұсқаушысы Плаксин жолдас партия тобының ұйымдастырушысы болып істеп, коммунистердің зор құрметіне бөленді. Поезд вагондары мастерлері партия ұйымының соңғы есеп беру-сайлау жиналысында коммунистер Плаксин жолдасты партия ұйымының секретарьлығына сайлады. Мұндай мысалдарды көптеп айтуға болады.

Партия бюросы активтердің кеңестерін өткізіп, онда партиялық-саяси жұмыстың және шаруашылық міндеттердің орындалуы жөнінде мәселелер қояды. Активтердің өзара пікір алысуын ұйымдастырады. Олардың жұмысына қажетті көмек көрсетеді. Партия бюросы активтермен жұмысты барған сайын жақсарта береді. Өйткені, олар—партия ұйымының тірегі.

П. МАКСИМОВ,

Петропавл вагон участогі партия бюросының секретары.

Үгітші мұғалімдер

Мектептерде оқу- тәрбие жұмысын үгітші ұйымдастырумен бірге, ауыл-селолық жерлерде үгіт- бұқаралық жұмысқа белсене қатысу совет мұғалімдерінің дәстүріне айналған. Олар Коммунистік партия мен совет үкметінің саясатын кеңінен насихаттау арқылы еңбекшілер бұқарасын [illegible] міндетде озат трактершылар Шақабаев, Сұрағанов жолдастардың жұмыс әдістерін насихаттады. Әбдрахманов жолдас кәзір де трактор отрядынан қол үзген жоқ.

Осы сияқты, үгітші мұғалімдер Ж. Ырсаев, Д. Әуелбеков, А. Ыбраев, Ж. Қошығұлова жолдастар пішеншілер бригадалары мен мал фермаларында, он үйліктер



Петропавлдың № 2 темір жол училищесінде оқушылар паровоздың құрылысын практикалық жағынан үйренуде.

СУРЕТТЕ: оқытушы- инженер Н. Мінаева жолдас (оң жақта) оқушыларға паровоздың ауа насосының құрылысын түсіндіріп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Полудень ауданында

Жаңа асхана салынуда

Тоқшын селолық тұтынушылар қоғамы апрель айынан бастап асхана салуға кіріскен болатын. Бұл күндері онда құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр. Аз күннен кейін асхана жұмысқа қосылады.

Колхоз дүкені

Тоқшын тұтынушылар қоғамының қамтуындағы Чапаев атындағы колхоздың дүкені күн сайын 800—1000 сомның әртүрлі азық- түлік тағамдарын сатады. Дүкен колхозшыларды керекті товарлармен қамтып, айлық жоспарын асыра орындауда. Бірнеше күннен кейін мұнда огородтық жемістер сатыла бастайды.

Жаңа телефон жолы

Ауданның колхоздармен телефон байланысы жыл сайын жақсара түсуде. МТС-тер мен селолық Советтер толық телефондандырылды. Аудандағы 22 колхоздың 18-де телефон бар. Жақында Тоқшын совхозымен аудан орталығын қосатын жаңадан екінші телефон жолы тартылды. Сол сияқты, қаламен байланыс жасайтын жеке телефон жолы орнатылды.

Мәдени товарлар

көптеп сатылуда

Аудан еңбекшілерінің әл-ауқатының жақсаруына байланысты олар мәдени товарларды көптеп сатып алуда. Радиоқабылдағыш, фотоаппарат, тігін және сүт машиналарын сатты.

Ауыспалы Қызыл

ту берілді

Чкалов атындағы № 8 трактор бригадасының бригадирі Беллер жолдас машина қуатын сарқа пайдаланып, социалистік жарыста бірінші орынға не болды. 15 аттық күші бар трактормен июнь айына дейін 325 гектардан жер жұмыстап, бір тоннаға жуық жанар майын үнемдеді. Көктем егісі кезіндегі табысты еңбегі үшін бригадаға Полудень МТС-нің ауыспалы Қызыл Туы берілді. Бұған жауап ретінде Беллер басқаратын бригаданың мүшелері жаңа міндеттемелер алды.

105 мың балапан

Булаев ауданындағы ауданаралық балапан өсіретін инкубатор станциясы Булаев, Конюхов және Полудень ауданының колхоздары мен совхоздарына жоспар бойынша 105 мың балапан сатпақ. Кәзірдің өзінде 26 мың балапан шығарылып сатылды. Балапанның өсімділігі өткен жылғыдан 20 процент артық.

Булаев ауданының «Гигант» колхозы 2100, Коминтерн атындағы колхоз 1400, Чистов совхозы 2000, Полудень ауданындағы «Парижская Коммуна» колхозы 1600 және Конюхов ауданындағы «Красная крепость» пығермандық үкметтің өзін- өзі билеуін қамтамасыз ету үшін жағдай туғызу.

Одақтың председателі Вирт болғалы отырған сайлаулардағы партияның перспективалары туралы айта келіп, бүкіл Батыс Германияда Одаққа ынтымақтастық білдіру жөнінде болып өткен көптеген көпшілік митингілер немістер Одағының болашақ Бундестагта үлкен күш болатындығына зор сенім туғызады деп мәлімдеді. Ол қысқа мерзімнің ішінде Одақтың жергілікті комитеттерін ұйымдастыру жөнінде ойдағыдай жұмыстар жүргізгенін айтты. Мұның өзі бірлік, бейбітшілік және бостандық жолындағы неміс біріктіру қозғалысының алдын- ала жүргізген зор жұмысының нәтижесінде мүмкін болды.

Бейбітшілік үшін, біртұтас Германия үшін!

БЕРЛИН, 11 июнь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Бонда бірлік, бейбітшілік және бостандық үшін күресуші немістер Одағы президиумының баспасөз конференциясы болып өткен. Онда бұрынғы рейхс-канцлер Вирт, Одақтың және басқа басшы қайраткерлері сөз сөйлеген.

Баспасөз конференциясын ашқан профессор Герман былай деп мәлімдеді: Германияның негізгі ұлттық проблемаларын шешу күресінде барлық патриоттық күштерді біріктіруге ұмтыла отырып, Одақ Шығыс пен Батыс арасындағы саяси қайшылықтарды жою, бонн және париж соғыс шарттарын болдырмау сияқты негізгі талаптарды қояды. Ондағы мақсат —Германияның бірлігін қалпына келтіру және келешектегі жал-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 июнь. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін майдандарда өткен күні ешқандай өзгерістер болмағандығын хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 2 самолетін зыяндады.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер жайында

ПЕКИН, 11 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кәсоннан корей-қытай делегациясының 11 июньде жариялаған мазмұндамасының текстін берді:

«11 июньде, —делінген мазмұндамада, —екі жақтың штаб офицерлері топтарының жабық мәжілістері болды. Мәжіліс 12 июньде сағат 11-де онан әрі созылады».

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер жайында

ПРАГА, 11 июнь. (СОТА). Чехословак Республикасының Үкметі Қытай Халық Республикасының, Корей Халық-Демократиялық Республикасының және Америка Құрама Штаттарының үкметтерінің өтініштеріне жауап бере келіп, Паньмыньчжонда 3 июньде қол қойылған келісімге сәйкес соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару жөніндегі бейтарап мемлекеттер өкілдерінен құралатын комиссияға өз өкілін жіберуге келісім білдірді.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер жайында

НЬЮ-ЙОРК, 11 июнь. (СОТА). Юнайтед пресс агенттігі тілшісінің Вашингтоннан берген хабарына қарағанда, АҚШ-тың мемлекеттік департаментіне жолдаған өзінің нотасында Швеция Паньмыньчжонда қол қойылған соғыс тұтқындары жөніндегі келісімнің шарттарына сәйкес соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару жөніндегі бейтарап елдер комиссиясының құрамына кіруге өздерінің келісетіндіктерін хабарлаған.

Франциядағы үкмет дағдарысы

ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСТА БИДО ҚАЖЕТТІ МӘЛШЕРДЕ ДАУЫС АЛА АЛМАДЫ

ПАРИЖ, 11 июнь. (СОТА). Франс пресс агенттігі жаңа үкметті құру жөнінде Жорж Бидоға өкілдік беру мәселесі бойынша Ұлттық жыйналыста өткізілген дауыс берудің нәтижесінде Жорж Бидо 313 дауыс алған, оған қарсы 228 дауыс берілген деп хабарлады. Конституциялық көпшілік —314 дауыс—ала алмағандықтан Ұлттық жыйналыс Жорж Бидоға үкмет құру жөнінде өкілдік бермеген.

Бүгін республиканың президенті парламенттік топтардың председательдерін қабылдайды, ал одан кейін министрлер советінің председательдігіне жаңа кандидатура тағайындайды.

Грециядағы ереуіл қозғалысы

терін ойдағыдай жүзеге асыру күресіне ұйымдастырады. Мұны біздің «Баян» колхозының өмірінен де айқын көруге болады.

Мектеп партия ұйымының тапсыруы бойынша онкан астам мұғалімдер егіс бригадалары мен мал фермаларында, он үйліктерде үгітші болып істейді. Олардың басым көпшілігі үгіт жұмысына белсене қатысып, колхозшы шаруалардың зор құрметіне бөленуде. Мәселен, үгітші мұғалім Ж. Әбдрахманов жолдас өзіне берілген участок—трактор отрядында жиі болып, механизаторлар арасында түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізеді, дауыстап газет оқыйды, жауынгерлік листоктарды шығаруға көмектеседі. Ол көктемгі егіс кезінде үлкені болады. Бұлар өздерінің әңгімелерін мазмұнды өткізіп, колхозшы шаруаларды ауыл шаруашылығының алдында тұрған басты міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыруда.

Дегенмен бізде үгіт- бұқаралық жұмысқа араласпайтын мұғалімдер де жоқ емес. Нұртазин және Ғаббасов сияқты оқытушылар жыл басында он үйліктерге үгітші болып белгіленген-ді. Бірақ, олар жергілікті Советтердің сайлауы өткеннен кейінгі жерде өз участоктерінде бірде- бір рет болған емес. Нұртазин және Ғаббасов жолдастардың колхозды ауылдың саяси өміріне қатыспауына таңымыз бар.

Х. ИМАНОВ,
Преснов ауданы.

Сирек кездесетін әдебиет мұралары

Пушкин атындағы республикалық көпшілік кітапханасында сирек кездесетін әдебиет мұраларының көрмесі ашылды. Шынының астына 1594 жылы қолдан жазылған араб тілінің түсінік сөздігі, Навоидың 1488 жылы жазылған «Пятирицы» деген сирек кездесетін тізімі қойылған. Көрмеде Галилейдің тірі кезінде басылған «Дүниелер системалары» дейтін және Эразм Роттердамскийдің «Ақмақты мадақтау» деген сирек кездесетін кітаптары бар.

Кітапхананың сирек кездесетін кітаптар қорында Кореяның мәдени жағынан аса құнды әдебиет мұралары сақталуда.

алуда. Аудандық тұтынушылар одағы өткен бес айдың ішінде еңбекшілерге 85 велосипед, 5 мотоцикл, он-

колхозы 1500 балапан сатып алды.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Балалар кітапханасында

Күн сайын қаладағы балалар кітапханасының кең залында жаңа газет, журналдарды және көркем шығармаларды оқып отырған көптеген жасөспірімдерді көресіз. Бұлар қаладағы мектептердің, облыс орталығына саяхатқа келген ауыл-село мектептерінің оқушылары.

Кітапханада кітап оқушылардың саны күн санап көбейе түсуде. Кәзір тұрақты кітап оқушылардың саны 1200-ден асты. Әсресе, Карнаухова, Русакова, Антонова, Никольская сияқты көптеген оқушылар соңғы айлардың өзінде ғана 12-13 кітаптан оқып шықты.

Кітапхананың кітап қоры да жыл сайын көбеюде. Кәзір кітапханада 16 мыңға жуық кітап бар. Мұның көпшілігі балаларға арналған кітаптар.

Кітапханада жақында төменгі класс оқушыларына арналып «Ленинші пионер қандай болу керек?» деген тақырыпта таңертеңгілік өткізіліп, жаңа кітаптарға шолу жасалды. Оған V-класс оқушылары Құрманова, Губарев сияқты кітапхана активтері белсене қатысты.

Мұнда үш айда бір рет кітап оқушылар конференциясы өткізіліп тұрады. Онда оқушылар балалар кітаптары бойынша баяндама жасап, кітапты оқыңдағы алған әсерлері туралы пікір алысады. Бұл күндері кітапхана А. Мұсатовтың «Тау басындағы үй» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге дайындалуда.

Жазғы демалыс күндерінде оқушылар балалар кітапханасына келіп, түрлі көркем шығармалар оқып, мәдениетті түрде дем алатын болады.

Қ. БАЙБАТЫРОВА.

АФИНЫ, 11 июнь. (СОТА). «Элефтерия» газетінің хабарына қарағанда, кеше Грециянның алты провинциясында жарияланған 24 сағаттық жаппай ереуіл ойдағыдай өткен. Закинтосте ереуілге жұмысшылар мен қызметшілер жүз процент қатысқан.

Бүгін таңертеңгі сағат алтыдан бастап Митиленнің, Гераклионның, Эвбейдің және Превездің жұмысшылары мен қызметшілері ереуіл жасауда.

Бенгалия мен Ассамдегі аштық

КАРАЧИ, (СОТА). «Имроз» газеті Калькуттадан хабар жариялады, онда шығыс (Индиялық) және батыс (пакистандық) Бенгалияда және Индия штаты Ассамде азық-түлік жағдайының өте ауырлап кеткендігі туралы айтылған. Ассамның бірнеше аудандарында халықтың негізгі қорегі болып табылатын күрішті қандай көп ақша берсе де сатып алу мүмкін емес. Халық шоппен және ағаштың жапырақтарымен қоректенуде. Кейбір семьялардың азық-түліктерінің мүлдем таусылғанына 15 күн болды. Аштан өлушілер көбейіп келеді. Мыңдаған адамдар көшелерді кезіп, қайыр сурауда.

Кейбір аудандарда сатып алуға күріш бар, бірақ оны еңбекші халық, әсресе, жұмыссыздар сатып ала алмайды. Өйткені, баға орасан қымбат.

ИРАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

ТЕГЕРАН, 11 июнь. (СОТА). «Рангин-Кяман» газетінің хабарына қарағанда, Йезд қаласындағы «Херати» «Эгдаған радиоқабылдағыш, фотоаппарат баль» және «Дерахшан» фабрикаларының жұмысшыларының онкүндік ереуілі жұмысшылардың жеңісімен аяқталған. Олар өздерінің талаптарын қанағаттандыруға жетіскен.

ХРОНИКА

Натан Хаимович Забежанский жолдас басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары міндетінен босатылды.

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Пионерлер үйі жазғы демалыс маусымы кезінде

Коммунистік партия мен Совет Үкметі балалардың оқып, білім алуына, еркін өсіп, көңілді дем алуына барлық мүмкіншіліктерді туғызып отыр. Ал, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда пионерлер үйінің ролі ерекше зор. Ол балалардың демалыс күндерінде мәдениетті тынығуын, сүйген кітаптарын оқуын ұйымдастырумен бірге, уақыттың дұрыс пайдаланылуын да күнбе-күн бақылап отыруға тиіс.

Үстіміздегі жылы пионерлер үйі ҚЛКЖО қалалық комитетімен бірлесе отырып, оқушылардың жазғы демалысын көңілді өткізу үшін бірқатар шаралар белгіледі. Пионерлер мен оқушылардың жазғы демалыс күндерін қалай өткізу керек екендігі туралы арнаулы жұмыс жоспары жасалды. Бұл жоспар қаладағы аға пионер вожатыйлары мен «Алтын күз» пионер лагері қызметкерлерінің семинарларында талқыланды.

Пионерлер үйінің жазғы демалыс маусымы кезіндегі барлық жұмысы пионерлер үйі қасындағы балалар Советінің басқаруымен жүргізіледі. Советтің әр мүшесіне арнаулы жұмыстар бөлініп берілді. Олар өздерінің тиісті жұмыстарына кірісті. Балалар паркінің ашылуына байланысты балалармен жүргізілетін жұмыстың көпшілігі паркте өткізілетін болады. Мұнда пионерлер түрлі спорт ойындарымен шұғылданады. Паркте көркемөнершілер үйірмелері, физкультура секциялары жұмыс істейді.

Пионерлер үйі балалар лекторийінде ерекше көңіл бөліп отыр. Лекторий жұмысына мұғалімдерді, комсомол және пионер қызметкерлерін, қаладағы Ушинский атындағы мұғалімдер институтының студенттерін тарттық. Жазғы демалыс маусымында балалар үшін «Дүние жүзі чемпионы», «Шахтерлер күні», «Москва—біздің Отанымыздың астанасы» және басқа тақырыптарда лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады.

Пионерлер үйі Советінің инициативасы бойынша июль айында концерт бригадасы ұйымдастырылады. Оның құрамына таңдаулы керкемөнершілер іріктелін алынады. Концерт бригадасы қаладағы пионер алаңдарында, «Алтын күз» пионер лагерінде және басқа жерлерде концерттер береді. Үстіміздегі жылы бірінші рет мектепке баратын 7 жастағы балалар үшін арнаулы ойын-сауық күні ұйымдастырылмақ. Онда пионерлер үйінің бөлім меңгерушісі Т. Ермолаева жолдас мектеп ішіндегі оқушылардың тәртіп ережелері жөнінде әңгіме өткізеді. Бұдан кейін көркемөнершілердің күшімен концерт беріледі.

Көптеген пионерлер мен оқушылар туған өлкеге саяхат жасайды. Бұл жұмыста өткен программалық материалдарды еске берік ұстап, терең білім алу мақсаты көзделеді. Олар қаладағы музейде, жас натуралистер станциясында, өнеркәсіп орындарында болады. Саяхат кезінде жас лениншілдер түрлі өсімдіктерден гербарий, жәндіктерден коллекциялар жыйнап, биология кабинеттеріне көрнекі құралдар әзірлейді.

Июль айының аяғында жас саяхатшылардың слеті өткізіледі. Слетте пионерлер мен оқушылар жазғы демалыс маусымы кезіндегі туған өлкеге жасаған саяхаттарына қорытынды жасайды, ондағы алған әсерлерін айтып, пікірлерін ортаға салады.

Пионерлер үйінің жанында волейбол, футбол және жеңіл атлетика секциялары жұмыс істейді. Жазғы спартакиада, пионерлер үйінің кубогі үшін футбол ойыны өткізіледі.

Бұл күндері пионерлер мен оқушылар жақында пионерлер үйінде өткізілетін олимпиадаға қызу даярланып жатыр. Онда драма, би, хор үйірмелері арнаулы программа бойынша концерт береді.

Пионерлер үйінің жанында қоленершілер, авиомодельшілер, радио және басқа техникалық үйірмелер жұмыс істейтін болады. Бұл үйірмелерге керекті жабдықтарды алу үшін он мың сом қаржы бөлінді. Пионерлер үйінде балаларға арналған радио станциясы бар. Мұнда пионерлер мен мектеп оқушылары тиісті программа бойынша концерттер береді, лекциялар оқыйды. Детекторлық радиоқабылдағышты пайдаланудың жолдарын үйренеді. Бұл физика, метематика сабақтарынан алған теориялық білімдерін практикада пайдалануға толық мүмкіндік береді.

Оқушылар қаланың алдыңғы қатарлы еңбек озаттарымен, Сталиндік сыйлықтың лауреаттарымен, әр мамандықтың өкілдерімен кездесетін болады. Олар сол мамандықты қалай меңгергені, еңбек озаты болуға қалай жетіскені туралы әртүрлі тақырыптарда балаларға әңгімелер айтады.

Жазғы демалыс маусымы күндерінде пионер лагерьлерінің қызметкерлерімен әртүрлі тақырыптарда жиі семинарлар өткізіліп, тиісті нұсқаулар беріліп тұрады. Пионер лагерьлерінде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің өмірі мен революциялық қызметі, В. И. Ленин атындағы пионер ұйымы, Ленин—Сталин комсомолы және басқа да тақырыптарда әңгімелер өткізіліп, лекциялар оқылады.

Еліміздегі коммунизмнің ұлы құрылыстарының тамаша табыстарын бейнелейтін, совет халқының бейбітшілік жолындағы күресін баяндайтын кинофильмдер жиі көрсетілін тұратын болады. Балалар әдебиеттерінен дауыстап шығармалар оқу ұйымдастырылады. Жаңа әдебиеттерден кітап оқушылар конференциясы өткізіліп, онда оқушылар сол кітап бойынша баяндамалар жасап, кітапты оқыңдағы алған әсерлері туралы айтады.

Пионерлер мен оқушылар арасында жазғы демалыс маусымы кезіндегі саяси-тәрбие жұмыстарын БЛКЖО XI съезі мен ҚЛКЖО VI съезі қарарларына сәйкес жүргізу — пионерлер үйі мен комсомол ұйымдарының айбынды міндеті. Сейтіп, пионерлер мен оқушылардың жазғы демалысын ойдағыдай өткізіп, олардың жаңа күш, жаңа жігермен келесі 1953—54 оқу жылына кірісуін қамтамасыз етейік.

Р. КАЛИБЕРДА,
Қалалық пионерлер үйінің директоры.

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КЕТО және КОТЭ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОРМАН»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

1953 жылдың екінші жартысына облыстық
„Ленин туы“ және „Ленинское знамя“
газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

80 түрлі гүлдер рассадаларының тұқымдары, үйде өсірілетін гүлдер, букеттер және помидор рассадалары сатылады.

Ұйымдар мен жеке адамдардан клумбалар, гүлдер және газондар отырғызу жөнінде заявкалар қабылданады. Бұл жөнінде мына адреске келіп жолығу керек: Қызыл ту көшесі, 93-үй, «Зеленстрой» тресі.

Архангельдегі балалар үйіне тігін жұмысын білетін нұсқаушы, баянда ойнаушы, механик, асбасшы және маусымды мерзімге көмекші шаруашылыққа жұмысшылар КЕРЕК.

Жұмыс жөнінде мына адреске келіп жолығу керек. Петропавл ауданы, Архангель селосы, балалар үйі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор— 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01325. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.